

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ**Аяжанова Нургуль Нурмаханбетовна***Түркістан облысы Созақ ауданы Шолаққорған ауылы***А.Байтұрсынов***атындағы жалпы білім беретін мектептің
бастауыш сынып мұғалімі*

Бастауыш мектепте ойын технологиясын пайдалану – балалардың танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына үлкен ықпал етеді. Ойын технологиясы балалар үшін оқу процесін қызықты әрі тиімді етеді. Ойын – балалардың шынайы ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, өзіндік «Менін» қалыптастыруға және шығармашылыққа, белсенділікке, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді. Ойын – әрқашан білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды. Қазіргі өркениетке ұмтылған қоғам талабына сәйке, Қазақстан Республикасының дамыған елдермен иық тіресіп тұру үшін, еліміздің болашағы мен қазіргі кезеңі үшін білімді, зерделі, өз бетімен іс-әрекет ете алатын, қоғамнан өз орнын таба алатын шәкірттерді дайындау ұстаздың міндеті.

Ойын технологияларын енгізу балалардың танымдық қызығушылығын арттырып қана қоймай, сонымен қатар өзара қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады. Балалар ойын барысында әлеуметтік рөлдерді қабылдап, бір-бірімен әрекеттесудің жаңа тәсілдерін үйренеді. Мысалы, рөлдік ойындар арқылы олар ересектердің қызметін модельдей отырып, жауапкершілік пен ынтымақтастықты сезінеді.

Дұрыс ұйымдастырылған ойындар балалардың эмоциялық дамуына да әсер етеді. Олар өз эмоцияларын білдіру мен түсінудің, сондай-ақ, басқалардың сезімін қабылдаудың қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады. Бұл жағдайда педагогтардың әдістемелік қолдауы маңызды рөл атқарады, себебі олар балалардың ойын барысындағы әрекеттерін бағыттап, дамытуға көмектеседі.

Дидактикалық ойындар оқу материалын жеңіл меңгеруге мүмкіндік беріп, балалардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттырады. Мысалы, математикада логикалық ойындарды пайдалану балалардың сандық сабақтарда белсенділігін көтереді. Соңында, ойын технологияларының тиімділігі тәрбиелеу мен оқыту процесінде тәрбиеленушілердің жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып, жан-жақты білім алуға септігін тигізеді □1□.

Бала тек білім алып қана қоймай шығармашылықпен зерттей білуге үйренуі керек. Білімді алуда іс-әрекетке үйренген баланың бойында алған білімі ұзақ уақыт сақталады және ол жұмыс істеуге, ізденуге, таңдауға, т.б. үйренеді. Сол үшін ескі дәстүрлі сабақтан қашып, ең озық тәжірибеден өткен

технологиялардың бірінің тиімділігін сәйкес таңдау қажеттілігі туады. Біркелкі сабақ оқушыны зерігу мен жайбарақаттылыққа алып келеді. Ал зерігу болған жерде шығармашылыққа жол жоқ.

Әрбір ұстаздың мақсаты – сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру. Сондай-ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, сабақтарда озық технологияларды қолданамыз. Сондай технологиялардың бір түрі – «Ойын арқылы оқыту» технологиясы.

«Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ» десек, білімнің негізі балабақшада қаланатыны белгілі. Ондағы оқу бағдарламасы баланы дамытып, танымдық қабілетін сомдауға үлкен үлес қосады. Балаларды оқытуда және тәрбиелеуде ойынның ролі педагогикада бұрын да, қазір де қарастырылып келеді.

Алдыңғы қатарлы педагогтердің бәрі де ойынды нағыз керекті және маңызды іс-әрекет деп түсінеді. Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. А.С.Макаренко: «Ойын – балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен тәрбиені ойын арқылы алады,»- деп балалар ойынын жоғары бағалаған □2□.

Рөлдік ойындар, драмалық ойындар, дидактикалық ойындар – балалардың бір-бірімен қарым-қатынасын, шығармашылық қабілеттерін және топта жұмыс істей алу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Ойынның пайдасы:

Оқу материалының түрлендірілуі: Ойын баланың қызығушылығын арттырады. Мысалы, математика, тіл дамыту немесе табиғаттану салаларында тақырыптарды ойын арқылы меңгеру.

Балаларды ынталандыру: Ойын технологиялары балалардың белсенділігін, қызығушылығын арттырып, оқуға деген ынтасын қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік дағдыларды дамыту: Ойындар арқылы балалар топта жұмыс істей алуды, бір-бірімен қарым-қатынас орнатуды және эмоцияларын басқаруды үйренеді.

Креативтілік және проблемаларды шешу дағдылары: Ойын барысында балалар креативті ойлауды дамытуға, қиындықтарды шешуге, стратегия құруға дағдыланады □3□.

Ойын технологиясы – мектепке дейінгі ұйымдардағы оқыту мен тәрбиелеудің маңызды құралы. Оның дұрыс ұйымдастырылуы балалардың әлеуметтенуіне, тұлғалық дамуына және білім алуына ықпал етеді.

Тиімді қолданылған ойын тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі

сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады.

Сабақта және сабақтан тыс уақытта қолданылатын ойындарды төмендегідей топтастыруға болады. Әрбір ойынның бала үшін білімділік мақсаты ғана емес, тәрбиелік, танымдық мақсаты зор.

Ойын түрлері: Ұлттық, Дидактикалық, Логикалық: «Ақсүйек», «Көкпар», «Ханталапай», «Арқан тартыс», «Мың бір мақал», «Ғажайып алаң», «Сөз құрау», «Жұмбақ есеп», «Әріпті текшелер» т.б.

Ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:

-Ойынның мақсаты нақты және керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қою.

-Ойынға кірісер алдында оның жүргізу тәртібін әбден түсіндіру.

-Ойынға балалардың түгел қатысуын қамтамасыз ету.

-Ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеу.

-Ойынды баланың жас ерекшелігіне қарай түрлендіріп пайдалану.

-Қарапайым ойыннан қиын ойынға көшу.

Ұлттық ойын ойнау баланың салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына деген сүйіспеншілігін арттырады және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Мәселен, ұнамды әдеттер – өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдері дамиды. Еңбек ету барысында ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздық сезімдер сияқты қасиеттер қалыптасады. Олардың ақыл-ой қабілеті бағдарламадағы берілген материалды ұғуға бірдей емес. Кейбіреулері түсіндірген сабағын тез ұғады, кейбіреулері керісінше. Сондықтан барлық оқушыны білімге бірдей жетелеу үшін өз мүмкіндігіне сәйкес сабақты меңгерту, тілін, ой ұшқырлығын дамыту, өзіндік пікір айтуға жағдай жасау еркін шығармашылыққа жетелейтін, пәнге қызығушылығын арттыратын әдістің бірі – ойын.

Бастауыш мектепте ұлттық ойындарды қолдану – жас ұрпақтың тәрбиесі мен дамуына зор үлес қосады. Ұлттық ойындар, халықтың мәдениеті мен тарихын танытатын, бала санасында патриотизм сезімін қалыптастыруға көмектеседі. Олардың көмегімен балалар несиенің, әділдіктің, командалық жұмыстың мәнін түсінеді, бойында рухани және физикалық қасиеттер дамиды. Сабақ барысында ұлттық ойындарды енгізу, оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу материалын жеңіл қабылдауға ықпал етеді. Мәселен, «Асық» ойыны білім беру процесіне енгізіліп, математикалық дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік туғызады. Асық ойыны жастайынан баланың ой-қабілетін шыңдап, дәлдікке, ептілікке, ширақтылыққа, ұстамдылыққа, алғырлыққа, сыйлыстыққа тәрбиелеп, қырағылық пен тактикалық ойлауды дамытады. Ойынның мақсаты – балалардың жылдамдығын дамыту, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып,

ойда сақтау қабілеттерін жетілдіру. Осы қасиеттеріне қарай бұл ойын дидактикалық көрнекілік, арт терапия құралы ретінде де қолданылып жүр.

Ғалымдардың дәлелдеуінше, асық ойнау кезіндегі мида болатын процестер біріншіден, баланы тыныштандырады, екіншіден, логикалық ойлау қабілетін дамытады, ал үшіншіден баланың кез келген жағдайда шешім қабылдауға үйретеді. Сонымен қатар, мамандардың пайымынша, домалаған асықты бақылап, көз бұлшық еттерін қозғалтуы көру қабілетіне де оң әсер етеді.

Сондай-ақ, «тоғызқұмалақ» және «садақ ату» сияқты ойындар балалардың күш пен тәртіпті меңгеруіне, ынтымақтастық орнатуына септігін тигізеді. Ұлттық ойындар бастауыш білім беру жүйесіне жаңа сипат беріп, балалардың денсаулығын жақсартып, бірлесіп әрекет ету қабілетін арттырады, сондай-ақ ұлттық құндылықтарды бойларына сіңдіреді. жасөспірімдердің бойында сабырлылық, төзімділік, есептегіштік, ойшылдық қасиеттерді қалыптастырумен қатар, кең ақыл, жүйрік қиял иесі болуына да жағдай жасайды. Оның тағылымдық-тәрбиелік, танымдық құндылықтарының өзінде терапиялық сипаты қаншама.

Әр ойын түрлерін орынды қолданып, оны қызықты етіп өткізу арқылы балалардың оқуға деген ынта-ықыласын, пәнге қызығушылығын арттыруға болады. Ойын баласы сабақта зерігіп, шаршаған кезде қолданылатын ойынның бір түрі «сергіту сәті». Сабақта сергіту сәтін оқушының шаршағанын басу үшін ғана емес, оның тәрбиелік мәніне назар аудару қажет. Мысалы: «Ұзын құлақ, сұр қоян» немесе дене қимылдарына қатысты сергіту ойындары: «Әй, шымшық, шымшық».

Қорыта айтқанда, кез келген ойын түрлерін сабақта қолданылғанда балаларға әрекет пайда болады, дүниетанымы кеңейеді. Сөйтіп оқушы ой-өрісін ойын арқылы дамытады. Соңғы нәтижеде ойнай отырып, білім көрсеткішіне өз үлесін қосады. Артта қалған, жасық, қорқатын, оқуға енжар, күшпен оқитын бала қалмайды. Керісінше, баланың өмірі, қоршаған ортаны танып білу, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1) Таубаева Ш. Т., Барсай Б. Т. Оқытудың қазіргі технологиялары. – Алматы, 2005.
- 2) Әбдіғалиев Қ. Осы заманғы педагогикалық технологиялар. – Алматы, 2004.
- 3) Селевко Г. К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 1998.